

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2019 жылғы 24 желтоқсан

Евгений Сейпульник БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы болып қайта сайланды

БЖЗК жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті он үшінші отырысы Қордың 2019 жылдың 10 айы ішінде атқарған қызметі туралы есепті тыңдаудан басталды. «БЖЗК» АҚ қызметі бойынша негізгі көрсеткіштер оң сипатқа ие.

2019 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 10,6 трлн теңгені құрап, жыл басынан бері 13 пайызға немесе 1,2 трлн теңгеге өсті. Есепті кезеңде міндетті зейнетақы жарналары бойынша түсімдер – 763,5 млрд теңге, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша – 36,1 млрд теңге және ерікті зейнетақы жарналары бойынша – 0,3 млрд теңге болды.

Отырыста биыл сақтандыру аннуитеті нарығының өткен жылмен салыстырғанда (18,5 млрд теңгеден 48,5 млрд теңгеге дейін) 2,6 есеге дейін өскендігі ерекше атап өтілді. Бұл жерде биыл міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының енгізілгеніне бес жыл толғандығын айта кеткен жөн. Сәйкесінше салымшылар міндетті зейнетақы жарналарымен қатар міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы аннуитетін алуға қол жеткізді. Осылайша көптеген салымшылар жинақтарын сақтандыру компаниясына аудару құқығын пайдаланып жатыр. Жақын болашақта ерлі-зайыптылар үшін бірлескен аннуитетті дамыту қолға алынады.

Отырыстың екінші бөлігі пікірталасқа толы болды. Онда жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту бойынша ұсыныстар, оның ішінде Үкіметтің жұмыс тобы аясында көтерілген сұрақтар талқыланды. «БЖЗК» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрмановтың айтуынша қазіргі уақытта ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған жұмыс тобы өз жұмысын жалғастыруда және қорытынды шығаруға әлі ерте. Бұл ретте халықаралық тәжірибелер мен экономикалық есептеулерді жан-жақты талдау қажет.

– Жалпы төрт міндет айқындалды. Бірінші – бұл зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру, екінші – жұмыс істейтін азаматтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін баспана сатып алуға, емделуге және білім алуға пайдалану мүмкіндігін беру. Үшінші – бірыңғай әлеуметтік қор құру және төртінші – бір әлеуметтік төлемді енгізу. БЖЗК құзырлы орган ретінде актуарлық моделдеу және ұзақ мерзімді экономикалық есептеу нәтижесін ұсынды, сондай-ақ алдыңғы қатарлы зейнетақы жүйелері бар елдердің тәжірибесі жүйелі түрде талданып, таныстырылды, – деп атап өтті Ж. Құрманов.

Халықаралық ұйымдардың есебі бойынша азаматтарды барабар лайықты жинақтаушы зейнетақымен қамтамасыз ету үшін міндетті зейнетақы аударымдары айлық табыстың 13 пайызынан төмен болмауы керек. Сонда 40 жылға созылатын еңбек жолында зейнетақы жарналары Қорға тұрақты аударылған жағдайда зейнетақы төлемдері зейнет жасына дейін алып жүрген айлық табыстың 30 пайызынан кем болмайды.

Алдыңғы қатарлы зейнетақы жүйелері бар 37 мемлекеттің тәжірибесіне сүйенер болсақ, бұл елдердегі азаматтардың болашақ зейнетақысына аударатын жарналарының орташа мөлшері – 17 пайызға тең. Ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде зейнетақы аударымдары орта есеппен 20 пайызға жетеді. Қазақстанда мұндай аударымдар бұл елдерге қарағанда екі есе төмен.

Отырыс соңында Қоғамдық кеңес мүшелері бірауыздан Евгений Сейпульникті Кеңестің төрағасы етіп қайта сайлады. Қатысушылардың пікірінше ол Кеңес аясында белсенді жұмыс атқарып, өзіне жүктелген әлеуметтік міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда. Сонымен қатар Алевтина Донских Кеңес төрағасының орынбасары қызметіне қайта сайланды.

Қоғамдық кеңестің келесі отырысы 2020 жылдың қаңтар-ақпан айларына жоспарланды. Онда 2019 жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, Кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіледі.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz